«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ ІШКІ
МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ КОМИТЕТІНІҢ
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ІШКІ
МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ «ДЕПАРТАМЕНТ
ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТА ПО МАНГИСТАУСКОЙ ОБЛАСТИ
КОМИТЕТА ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТА МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы,
130000, Ақтау қаласы, 23 шағын ауданы, №100 ғимарат,
тел./факс: 8/7292/ 31-90-92, 31-91-48

Республика Казахстан, Мангистауская область,
130000, город Актау, 23 микрорайон, здание №100,
тел./факс: 8/7292/ 31-90-92, 31-91-48

22.08.2018 № 02-09/1918

«Дорстрой» ЖШС-не
Қызылорда қ. Жибек жолы көш, н/з,
87242215159

Манғыстау облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті Сіздің 2018 жылдың 6 тамыздағы №119 санды шағымыңызды қарастырып келесіні хабарлайды.

Шағымда көрсетілген мәселелер бойынша "Аудандық маңыздағы автокөлік жолын орташа жөндеу "Тұщықұдық ауылына кіре беріс" 0-15 шқ" және "Аудандық маңыздағы автокөлік жолын орташа жөндеу "Тұщықұдық ауылына кіре беріс" 15-29 шқ" жұмыстарын сатып алуына камералдық бақылау жүргізілді.

Конкурстық құжаттаманың 5-қосымшасының 2-тармағында Растайтын құжаттардың (болған жағдайда толтырылады) электрондық көшірмелерін қоса бере отырып, **әлеуетті өнім берушінің соңғы он жыл ішінде конкурста сатып алынатындарға ұқсас (сол сияқты) орындаған жұмыстардың көлемі** көрсетілетіні көзделген.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының (бұдан әрі - Қағида) 155-тармағына сәйкес, **егер конкурстың нысанасы құрылыспен байланысты емес жұмыстар болып табылған жағдайда,** конкурстық комиссия сатып алынатын жұмыстардың түрлеріне ұқсас (сондай) келесі орындалған әрбір жұмыс үшін нөл бүтін оннан екі (0,2 %) пайыз мөлшерінде шартты жеңілдік береді.

Осы өлшемшарттың конкурсқа қатысуға өтінімнің шартты бағасына жиынтық пайыздық әсері он пайыздан аспайды.

Жұмыс тәжірибесінің болуы үшін шартты бағаға пайыздық әсерді конкурстық құжаттамаға 5-қосымшаға сәйкес жүзеге асырылады.

Сонымен қатар, конкурстық құжаттамада әлеуетті өнім берушілерге жұмыс тәжірибесінің болуы біліктілік талабы қойылған.

Конкурстық өтінімдерді қарастырып келесі анықталды.

«Бек-АқтауГазСнаб» ЖШС-ніің конкурстық өтініміне Қағиданың 155-тармағы бұзылып орындалған әрбір жұмысы үшін 2% қолданылған.

Конкурстық өтінімге сәйкес 0,8% қолданылуы тиіс.

«Ақ жол құрылыс» ЖШС-нің конкурстық өтініміне Қағиданың 155-тармағы бұзылып орындалған әрбір жұмысы үшін 10% қолданылған.

Конкурстық өтініміне сәйкес 6,6% қолданылуы тиіс.

«Ер-Мер-Стройсервис» ЖШС-нің конкурстық өтініміне орындалған әрбір жұмысы үшін 1,2% қолданылған.

Жұмыс тәжірибесі 4 жыл құрайды.

Алайда, Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының 10-бабының 2-тармағы бұзылып «Ер-Мер-Стройсервис» ЖШС-нің өтінімі конкурсқа негізсіз жіберілмеген.

«Ақжол+К» ЖШС-нің конкурстық өтініміне орындалған әрбір жұмысы үшін 1,4% қолданылған.

Жұмыс тәжірибесі 7 жыл құрайды.

Конкурстық өтініміне сәйкес 5,8% қолданылуы тиіс.

Алайда, Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының 10-бабының 2-тармағы бұзылып «Ақжол+К» ЖШС-нің өтінімі конкурсқа негізсіз жіберілмеген.

«Дорстрой» ЖШС-нің конкурстық өтініміне орындалған әрбір жұмысы үшін 1,8% қолданылған.

Жұмыс тәжірибесі 11 жыл құрайды.

Конкурстық өтініміне сәйкес 10% қолданылуы тиіс.

Алайда, Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының 10-бабының 2-тармағы бұзылып «Дорстрой» ЖШС-нің өтінімі конкурсқа негізсіз жіберілмеген.

Анықталған бұзушылықтарды жою үшін ұйымдастырушыға хабарлама жіберілді.

Егер, қабылданған шешіммен келіспеген жағдайда, Қазақстан Республикасының «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңының 12 бабына сәйкес, шағым жасауға құқылы екендігіңіз қаперіңізге беріледі.

Департамент басшысы **С.Қасымов**

Орынд.Д.Рамазанов
87292319092